

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы N 3205 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 31 тамыздағы N 171 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы 14-бабының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы N 3205 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 44, 424-құжат; 2005 ж., N 15, 174-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы ережеде 8-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының азаматтарын шет мемлекеттердегі сайлауды байқау үшін жіберу тәртібін айқындайды және ол жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;"

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті